

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 669-қа бүйрығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы Ережесінің 19-тармағының 10) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту қағидаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті туралы ереже бекітілсін

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бастығы заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің аумақтық органдарында тіркелуін;

2) осы бүйрықтың мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Заңнамалық және құқықтық ақпараттар институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 250-қа бүйрығы күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бүйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бүйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы бүйрықпен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мүдделі тұлғаларының тиісті бөлігі таныстырылсын.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының орынбасары –  
Шекара қызметінің директоры  
генерал-майор

E. Алдажұманов

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Төрағасының орынбасары –  
Шекара қызметі директорының  
2022 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 669-қа бүйрекшімен  
бекітілді

## **Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті туралы ереже**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Шекара қызметінің департаменті) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының тұтастығын және қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ету, шекаралық кеңістікте зандылық пен белгіленген тәртіпті ұстап тұру мақсатында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын (бұдан әрі – Мемлекеттік шекара) қорғауды және күзетуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери басқарудың жедел-аумақтық органы және аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Шекара қызметінің департаменті өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және зандарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Шекара қызметінің департаменті республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, оның қазақ тіліндегі өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Шекара қызметінің департаменті азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Шекара қызметінің департаменті, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Шекара қызметінің департаменті өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Шекара қызметінің департаменті басшысының бүйректарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Шекара қызметі департаментінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Занды тұлғаның орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Н. Назарбаев көшесі 14 үй, индексі 120018.

9. Шекара қызметі департаментінің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Шекара қызметі департаментінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Шекара қызметі департаментінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Шекара қызметі департаментінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан Шекара қызметінің департаментіне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Шекара қызметінің департаментіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Шекара қызметі департаментінің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

1) Мемлекеттік шекара туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан және үкіметаралық келісімдерінен туындастын міндеттемелерді орындау;

2) Мемлекеттік шекараның өтуін өзгертуге жол бермеу, сондай-ақ Мемлекеттік шекара режимін және өткізу пункттеріндегі режимді бұзушылықтардың алғышарттарын, белгілері мен фактілерін анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Мемлекеттік шекараны қорғау бойынша іс-шараларды орындау үшін уәкілетті органдардың, ұйымдар мен азаматтардың құштері мен құралдарын тарту;

4) Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігінің міндеттерін шешуге қатысу;

5) Мемлекеттік шекарада Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін қорғауға қатысу;

6) Мемлекеттік шекара режимін, шекара режимін және өткізу пункттеріндегі режимді қамтамасыз ету;

7) шекаралық кеңістікте белгіленген режимдердің сақталуын дербес немесе уәкілетті органдармен бірлесіп бақылауды жүзеге асыру;

8) шекаралық кеңістікте азаматтарды, табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны қорғауда, Қазақстан Республикасы көші-қон заңнамасын сақтауда Қазақстан Республикасының құқық қорғау, табиғат қорғау органдарына жәрдем көрсету;

9) құрылымдық бөлімшелердің инженерлік-техникалық қамтамасыз етілуін, материалдық-техникалық жабдықталуын ұйымдастыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес айқындалған өзге де міндеттер болып табылады.

#### 14. Құқықтары мен міндеттері:

1) қажетті инженерлік-техникалық құралдарды, құрылыштар мен бөгөуіштерді монтаждауды, салуды және орнатуды жүзеге асыру;

2) байланыс және коммуникациялар желілерін салуды және қолдануды жүзеге асыру, техника мен қару-жарақты орналастыру және пайдалану;

3) Мемлекеттік шекараны межелеуге, шегендеуге және қайта шегендеуге, шектес мемлекеттермен Мемлекеттік шекарадағы режимді орнату мақсатында қажетті құжаттар мен материалдарды әзірлеуге қатысу;

4) кез келген жергілікті жер участеклерінде, оның ішінде ерекше қорғалатын аумақтарда және табиғат қорғау аймақтарында болуға (шекаралық нарядтармен жүргүгін), сондай-ақ қызметтік міндеттемелерді атқару кезінде сол жерлермен жүргүгін, жер участеклерінің меншік иелерінен (жалға алушылардан) шекаралық нарядтардың жүріп-тұруына арналған орындарды бөлуді, қоршалымдар арқылы өтетін немесе өзге де кедергілер арқылы өтетін жерлерді жабдықтауды және тиісті түрде күтіп-ұстауды талап ету;

5) шекаралық саясат және Мемлекеттік шекараны жедел қамтамасыз ету саласында қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметін, сондай-ақ барлау қызметін жүргізу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану;

6) мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға шекаралық қеңістікте құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін немесе Шекара қызметінің іс-кимылына кедергі келтіретін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұсынулар енгізу;

7) халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттердің шекаралық органдарымен Мемлекеттік шекараны қорғауда өзара іс-қимылды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының шекара өкілдерінің қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асыру;

9) шектес мемлекеттердің шекара өкілдерімен Мемлекеттік шекара режимін ұстап тұру, шекарадағы тосын оқығаларды реттеу, ақпарат алмасу мәселелері бойынша хат-хабар алмасуды жүргізу, халықаралық келісімшарттармен және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының

Заңында көзделген тәртіппен шекара мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізу үшін өзара уағдаластық бойынша шектес мемлекеттердің өкілдерін Қазақстан Республикасының аумағына шақыру және шектес мемлекеттердің аумағына өту;

10) міндеттемелерді орындау үшін үекілетті органдардан, ұйымдардан және қоғамдық бірлестіктерден қажетті ақпаратты сұрату және өтеусіз алу;

11) Шекара қызметінің департаментіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚҚ) және Шекара қызметінің құрылымдық бөлімшелерінен, мемлекеттік мекемелерінен, ұйымдарынан және лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттарды және материалдарды сұрату және алу;

12) Шекара қызметі департаментінің мұқтаждары үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши ретінде белгіленген тәртіппен әрекет ету;

13) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарымен көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу, мердігерлер мен өнім берушілердің оларды орындауына бақылауды жүзеге асыру;

14) энергиямен, сумен және жылумен жабдықтау, көлік, байланыс (арнайы мақсаттағы телекоммуникациялар желілерін қоспағанда), коммуникациялар, тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық, өзге де тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері салаларындағы шаруашылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын ұйымдарды тарту;

15) Шекара қызметі департаментінің үй-жайларына және объектілеріне кірерде немесе шығарда жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ олардың алып жүретін заттарын қарап-тексеру;

16) құпиялылық режимін, мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету, Шекара қызметі департаментінің бөлімшелерінде құпия және құпия емес іс жүргізуді ұйымдастыру мен жүргізу, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімін сақтау бойынша жұмыс жағдайын бақылауды жүзеге асыру, тексеруді ұйымдастыру;

17) Шекара қызметі департаментінің қарамағындағы мүлікпен белгіленген тәртіpte иелік ету және пайдалану;

18) талап-арыз жұмыстарын жүргізу;

19) қаржылық, материалдық және техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

20) Шекара қызметінің департаменті жеке құрамының лауазымдық міндеттерін айқындау;

21) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының дактилоскопиялық ақпарат дереккорында қамтылатын дактилоскопиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алу және пайдалану;

22) Мемлекеттік шекараны қорғау саласындағы міндеттерді шешуге азаматтарды ерікті жасақтар құрамында, Шекара қызметінің штаттан тыс қызметкерлері ретінде және өзге де нысандарда ерікті негізде тарту, Мемлекеттік шекараны қорғау кезінде көзге түскен азаматтарды көтермелесу және қойылатын талаптарға сай келетін адамдарды Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына түсін үшін ұсыну;

23) Қазақстан Республикасының халқына өзара іс-қимыл жасайтын органдар арқылы құқықтық тәрбие беруге қатысу, шекаралық кеңістікте құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шараларды жүргізу, құқық бұзушылықтар, құқық бұзушыларды іздестіру туралы халықты хабарландыру үшін және өзге де мақсаттарда бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану;

24) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қару-жарақ пен әскери техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарларды және дene күшін қолдану;

25) шекаралық кеңістікте жасалған немесе дайындалып жатқан құқық бұзушылықтар туралы мәлімдемелерді немесе хабарламаларды қару, оларды тіркеу және олар бойынша тиісті шаралар қолдану;

26) Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алушы және ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану;

27) Мемлекеттік шекараны қорғау саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;

28) Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысатын әскери қызметшілердің киім нысаны мен жараптарын айқындау;

29) мемлекеттік кіріс органдарымен бірлесіп, Мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін көлік құралдарын, жүктөр мен тауарларды белгіленген тәртіппен жете қарауды жүзеге асыру;

30) көлік құралдарымен ілесіп жүру және оларда шекаралық нарядтармен журу;

31) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлескен шешімдерде айқындалатын тәртіппен Мемлекеттік шекара күзетін күшету кезінде олар бөлөтін күштер мен құралдарды пайдалану;

32) құқық бұзушылардың ізіне түсін кезінде азаматтардың тұрғын және тұрғын емес үй-жайларына, ұйымдардың аумақтары мен үй-жайларына кедергісіз (қажет болғанда құлып құрылғыларын бұза отырып) тәуліктің кез келген уақытында кіру, сондай-ақ (жиырма төрт сағат ішінде тиісті прокурорды кейіннен хабардар ете отырып) оларды қарап тексеру;

33) шекаралық іздестірулер мен операцияларды, өзге де іздестіру іс-әрекеттерін жүргізу кезінде бақылау бекеттерін өз бетінше орнату, адамдар мен көлік

құралдарының қозғалысын уақытша шектеу немесе оған тыйым салу, азаматтарды жергілікті жердің жекелеген участеклеріне жібермеу, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында олардың сонда қалуын немесе осы участеклерді тастап шығуын міндеттеу;

34) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төнген кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы және өзге де уәкілетті органдарын хабардар ете отырып, қорғаныс мақсатындағы жұмыстарды, халықаралық міндеттемелерді орындау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде туындаған салдарларды жоюға байланысты жұмыстарды қоспағанда, шекаралық белдеуде әртүрлі жұмыстарды жүргізуі уақытша шектеу;

35) қызметтік мақсаттарда байланыс құралдарын және коммуникацияларды, ал Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруге тойтарыс беру, Мемлекеттік шекарадағы заңсыз жаппай өтуге және өзге де арандатуларға кедергі келтіру, іздестіру іс-шараларын жүргізу, құқық бұзушылықтарды жасады деп күдік келтірілген адамдарды жеткізу кезінде, ұйымдардың көлік құралдарын, ал қажет болған жағдайларда – Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен иелерінің талаптары бойынша кейіннен оларға шығындарды не келтірілген залалды өтей отырып, азаматтардың көлік құралдарын пайдалану;

36) азаматтардан Мемлекеттік шекарада белгіленген тәртіпті сактауды, Шекара қызметі департаментінің іс-әрекетіне кедергі келтіретін құқыққа қайши әрекеттерді тоқтатуды талап ету, бұл талаптарды орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тиісті шараларды қолдану;

37) шекаралық кеңістікте белгіленген режимді бұзушыларды Шекара қызметі департаментінің әкімшілік ұстауға алынған адамдарды ұстау үшін арнайы жабдықталған үй-жайларында ұстау;

38) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес әкімшілік ұстауға алынған адамдарды тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторларында және ұстау үшін арнайы жабдықталған үй-жайларда орналастыру;

39) шекаралық кеңістікте белгіленген режимдерді бұзудың өздеріне белгілі болған мән-жайлары туралы адамдардан түсініктемелер алу мақсатында оларды шақыру;

40) өткізу пункттерінің балансында тұрған инженерлік-техникалық құрылыштарды, бөлеуіштерді, коммуникацияларды күтіп-ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ пайдаланылатын жабдықтың пайдаланылуы мен сақталуын қамтамасыз ету;

41) мемлекеттік кіріс органдары жоқ өткізу пункттерінде және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарда радиациялық бақылаудың техникалық құралдарын пайдалана отырып, радиациялық бақылауды автоматты түрде немесе қолмен тексеру режимінде жүзеге асыру;

42) құрамында радиоактивті заттар бар инспекциялық-тексеріп қарау кешендерінің пайдаланылуын ұйымдастыруды, сондай-ақ құрамында радиоактивті заттар бар немесе

иондаушы сәуле өндірілетін радиоактивті заттармен, аспаптармен немесе аппаратурамен жұмыс істеген кезде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында радиациялық қауіпсіздікті бақылауды жүзеге асыру;

43) Шекара қызметі департаментінің ақпараттандыру объектілерін ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларға қатысу;

44) ол тұрған жерден тыскары жерлерде Шекара қызметінің департаменті функциясының бір бөлігін орындаитын және уәкілетті органда есептік тіркеуге жатпайтын оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің болуы;

45) Мемлекеттік шекарадан өтуді өзгертудің, Қазақстан Республикасының аумағын игерудің кез келген әрекеттерінің жолын кесу;

46) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қорғанысы бойынша міндеттерді шешуге, сондай-ақ төтенше және әскери жағдай режимдерін қамтамасыз етуге қатысу;

47) Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кірулерге тойтарыс беру, Мемлекеттік шекарада қарулы және өзге де арандатушылықтардың жолын кесу, аталған қылмыстық қол сұғышылықтардан халықты, мемлекеттік және жеке мұлікті қорғау;

48) адамдардың және көлік құралдарының белгіленген өткізу пункттерінен немесе Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындардан тыс жерде Мемлекеттік шекараны кесіп өту, сондай-ақ өткізу пункттерінде немесе Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарда заңсыз кесіп өту әрекеттерінің алдын алу және жолын кесу, Мемлекеттік шекараны бұзушыларды және шекаралық қеңістікте өзге де құқық бұзушыларды анықтау және ұстау;

49) тиісінше ресімделген құжаттар болған және бақылау түрлері орнатылған өткізу пункттерінен немесе Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарынан өткен кезде адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді өткізуді белгіленген тәртіпте жүзеге асыру;

50) Мемлекеттік шекара режимінің және өткізу пункттеріндегі режимнің орындалуын қамтамасыз ету;

51) шекаралық режимнің сақталуын дербес немесе уәкілетті органдармен бірлесіп бақылау, шекаралық аймақта кіретін орындарда бақылау бекеттерінің қызметін ұйымдастыру;

52) Мемлекеттік шекара арқылы өтетін адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне немесе Қазақстан Республикасынан шығуына құқық беретін құжаттарын тексеру, оларға тиісті белгілер соғу және ондай құжаттарды уақытша алып қою, сондай-ақ жарамсыз құжаттарды алып қою;

53) Мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімін жүзеге асыру;

54) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына кірге рұқсат етілмеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімінен бас тартқан, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде айыппұл салу туралы сот шешімдерін және уәкілетті органдардың қаулыларын орындаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіруін шектеу;

55) шетелде немесе Қазақстан Республикасында болған кезеңде жеке басын күәландыратын құжаттарын жоғалтқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен өзге де адамдардың жеке басы анықталғанға дейін оларды өткізу пункттерінде және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарда қалдыра отырып, өткізбеу;

56) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адамдарды ұстауды және жете-тексеріп қарауды жүзеге асыру;

57) шекаралық кеңістікте белгіленген режимдерді бұзуға жол берген көлік құралдарын тоқтату, қарап-тексеру және ұстай, құқық бұзушылық мән-жайларын анықтау үшін оларды Шекара қызметі департаментінің немесе оның құрылымдық бөлімшелерінің орналасқан жеріне жеткізу (айдауылмен жеткізу);

58) Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған, Мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін жарылғыш, уландырғыш, радиоактивті, есірткілік заттарды, қаруды, оқ-дәрілерді, өзге де жүктөр мен тауарларды, сондай-ақ контрабандалық жолмен өткізілетін жүктөр мен тауарларды белгіленген тәртіппен дербес немесе уәкілетті органдармен бірлесіп ұстай және алып қою;

59) әуе кеңістігінде Мемлекеттік шекараны күзеттеде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жәрдем көрсету;

60) шекаралық кеңістікте азаматтарды, табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны қорғауда Қазақстан Республикасының құқық қорғау және табиғат қорғау органдарына жәрдем көрсету;

61) инженерлік-техникалық құралдарын, құрылыштарын және бөлеуіштерін жабайы жануарлардың қоныс аудару жолдарын ескере отырып, жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша орнату;

62) шекаралық кеңістікте байланыс және коммуникация желілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

63) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес өзінің қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді жүргізу ді және қарауды қамтамасыз ету;

64) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес өзінің қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру;

65) Қазақстан Республикасының Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау әрі қарау;

66) сотқа жүгіну;

67) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) шекаралық саясатты іске асыру;

2) Мемлекеттік шекарада жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысу;

3) Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауға қатысты мәселелер бойынша өз құзыретінің шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

4) Мемлекеттік шекараны межелеуге, шегендеуге және қайта шегендеуге қатысу;

5) белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру;

6) Шекара қызметі департаментінің және оның құрылымдық бөлімшелерінің іс-қимылына басшылықты жүзеге асыру және келісімділігін қамтамасыз ету, оларға практикалық және әдістемелік көмек көрсету;

7) жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін, жауынгерлік қабілеттілікті, жауынгерлік және жұмылдыру даярлықты ұстап тұру;

8) Шекара қызметі департаментінің жауынгерлік және жедел-қызметтік әзірліктің әртүрлі дәрежесіне ауысуына тұрақты әзірлікті қамтамасыз ету;

9) жауынгерлік кезекшілік пен жауынгерлік қызметті өткеруді ұйымдастыру;

10) Шекара қызметінің департаменті жедел және жедел-техникалық бөлімшелерінің барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру іс-қимылдарын ұйымдастыру;

11) ведомстволық байланыс желілерін ұйымдастыру мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оларды дамыту бойынша ұсыныстар дайындау;

12) шифрланған, құпияландырылған және кодталған байланысты ұйымдастыру мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

13) шекара маңы аудандарында радиотехникалық және радиоэлектрондық барлауды жүзеге асыру;

14) Шекара қызметі департаментінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

15) Шекара қызметі департаментінің қызметтік-жауынгерлік қызметін моральдық-психологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

16) жеке құрам арасында әскери тәртіп пен құқықтық тәртіпті сақтау, көпұлтты әскери ұжымдарды топтастыру, әскери қызметтің қауіпсіздігі үшін қажетті

жағдайларды қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың профилактикасы жөніндегі іс-шараларды тұжырымдау және іске асыру;

17) Шекара қызметі департаментінің кадрлық құрамымен әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастыру және әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету;

18) перспективалық жоспарлауды және, Шекара қызметі департаментінің пәтерге орналастырылуын қоса алғанда, жауынгерлік, техникалық, тылдық, қаржылық, кадрлық, ақпараттық, әскери-медициналық (медициналық) және басқа да қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажеттіліктерді жоспарлауды жүзеге асыру;

20) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын жасау, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер мен толықтырулар дайындау;

21) Шекара қызметінің департаментінде бухгалтерлік есепті жүргізу;

22) Шекара қызметі департаментінің қаржылық есебін қалыптастыру;

23) ақшалай ризық және өзге де төлемдерді төлеуді, талдауды, жоспарлауды, сондай-ақ уақтылы аударуды жүзеге асыру;

24) бюджеттік қаражаттардың мақсатты пайдалануын қамтамасыз ету;

25) Шекара қызметі департаментінің өртке қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша шаралар тұжырымдау және қабылдау;

26) Шекара қызметінің департаментін әскери қызметшілермен жасақтауды және азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерін) жұмысқа қабылдауды ұйымдастыру және жүргізу;

27) кадрларды орналастыруды және әскери атақтар беруді жүзеге асыру, ҰҚҚ Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының қарауына номенклатураға сәйкес әскери лауазымдарға тағайындау және әскери атақ беру бойынша ұсыныстар енгізу;

28) кадрлардың кәсіби даярлығын ұйымдастыру және оны өткізу сапасына бақылауды жүзеге асыру;

29) Шекара қызметі департаментінің жауынгерлік дайындығының сапасын арттыруды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізу;

30) белгіленген сан шегінде Шекара қызметі департаментінің ұйымдастырушылық-штаттық құрылымы мен штаттары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

31) шектес мемлекеттердің аумағынан Мемлекеттік шекара арқылы жаппай өтуден туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу;

32) Шекара қызметі департаментінің ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу;

33) диверсияға қарсы қауіпсіздікті және объектілерді күзетуді ұйымдастыру, сондай-ақ өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету;

34) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

### **3-тарау. Шекара қызметі департаменті басшысының қызметін ұйымдастыру кезіндегі мәртебесі мен өкілеттіктері**

16. Шекара қызметінің департаментіне басшылықты Шекара қызметі департаментінің бастығы жүзеге асырады, оған Шекара қызметінің департаментіне жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

17. Шекара қызметі департаментінің бастығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери лауазымға тағайындалады және әскери лауазымынан босатылады.

18. Шекара қызметі департаменті бастығының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери лауазымға тағайындалатын және әскери лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Шекара қызметі департаменті бастығының өкілеттігі:

1) Шекара қызметі департаментінің жұмысын ұйымдастырады;

2) белгіленген тәртіппен Шекара қызметі департаменті жеке құрамының орындауы үшін міндетті бұйрықтар (өкімдер) шығарады және нұсқаулар береді;

3) Шекара қызметі департаментінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерін бекітеді;

4) Шекара қызметі департаменті жеке құрамының және құрылымдық бөлімшелері басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен сондай-ақ шет мемлекеттердің арнаулы және құқық қорғау қызметтерімен және халықаралық ұйымдарымен қарым-қатынаста Шекара қызметі департаментінің атынан өкілдік етеді, сotta және өзге де мемлекеттік органдарда Шекара қызметі департаментінің мүддесін білдіруге, шарттар жасауға сенімхаттарға қол қояды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік шекарада, шекара кеңістігінде немесе Шекара қызметі департаментінің жауаптылық белдеуінде жүзеге асырылатын іс-қимылдарды шектеу немесе тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдайды ;

7) ҰҚҚ Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директорына Шекара қызметінің департаментін құру, тарату, қайта ұйымдастыру және орындарын ауыстыру, сондай-ақ оның құрылымдары мен штаттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

8) өз құзыретінің шегінде, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte Шекара қызметінің департаментіне әскери қызметке қабылдайды және әскери

қызметтен шығарады, әскери қызметшілерді лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

9) Шекара қызметі департаментінің жеке құрамын көтермелейді, материалдық көмек көрсетеді және тәртіптік жазаларды қолданады, сондай-ақ номенклатураға сәйкес әскери атақ береді;

10) өз өкілеттіктері шегінде Шекара қызметі департаментінің әскери қызмет өткеруге, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлерінің) еңбек қатынастарына байланысты мәселелерді шешеді;

11) ҰҚҚ Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директорына белгіленген тәртіппен әскери атақ берілетін кандидаттар, Шекара қызметі департаментінің жеке құрамын, сондай-ақ Мемлекеттік шекараны күзетуге қатысатын адамдарды ведомстволық наградалармен наградатau бойынша ұсыныстар енгізеді;

12) Шекара қызметі департаменті құрылымдық бөлімшелерінің қызметтік-жауынгерлік, жедел-қызметтік, әскери-техникалық, қылмыстық-процестік, шекаралық өкілдік және өзге де іс-қимылдарына тексеру жүргізеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Шекара қызметі департаментінің бастығы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Шекара қызметі департаментінің бастығы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 62-бабына сәйкес өз құзыреті шегінде ҚР ҚПК 191-бабында көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылық туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықтау органының бастығы өкілеттіктеріне ие болады.

21. Шекара қызметінің департаментінде анықтауды ұйымдастыру Шекара қызметі департаментінің бастығына жүктеледі.

22. Шекара қызметі департаментінің бастығы өз орынбасарларының, сондай-ақ Шекара қызметі департаментінің өзге де лауазымды адамдарының өкілеттіктерін айқындауды, оларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз өкілеттіктерінің бір бөлігін береді.

#### **4-тарау. Шекара қызметі департаментінің мүлкі**

23. Шекара қызметінің департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие болуы мүмкін.

Шекара қызметі департаментінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Шекара қызметінің департаментіне бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Шекара қызметінің департаменті өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Шекара қызметінің департаментін қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Шекара қызметінің департаментін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК